## "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамының 2004 -2006 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 344 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 215 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамының 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

## "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамының 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары

### 1-Бөлім. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-тың жай-күйі және оны дамытудың перспективалары туралы баяндама

### 1. Кіріспе

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры жабық акционерлік қоғамының миссиясы - Қазақстан Республикасы халқының барлық жіктеріне және өңірлеріне зейнетақы қызметтерін ұсыну қол жетімділігін және сапасын қамтамасыз ету, салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарын сақтау және олардың өсімі мүддесінде активтерді тиімді түрде инвестициялық басқаруды жүзеге асыру. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" салымшылар үшін зейнетақы жинақтарының өсімі, құрылтайшы үшін Қазақстан

Республикасының Үкіметі дивидендтер төлеу арқылы кірістер алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің және республиканың өзге де қаржы рыногы секторларының одан әрі дамуына ықпал етуге ұмтылады.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қыркүйектегі N 1372 қаулысына сәйкес құрылды. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін төлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына мемлекеттік бас лицензиясы (1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 6 лицензия) және бағалы қағаздар рыногында клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға (1999 жылғы 11 тамыздағы N 0402200075 лицензия) және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметпен айналысу (1999 жылғы 11 тамыздағы N 0412200040 лицензия) құқығына мемлекеттік лицензиялары бар. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" акционері болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 шілдедегі N 837 қаулысына сәйкес "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" мемлекеттік акциялар пакетін иемдену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілді. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" еншілес және тәуелді ұйымдары жоқ, басқа заңды тұлғалардың капиталына қатыспайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметтерін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру шаралары туралы" 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысына сәйкес "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" ұлттық компания мәртебесі бар. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының Биржа кеңесінің 1999 жылғы 13 тамыздағы шешімі бойынша мемлекеттік бағалы қағаздармен (К санаты) сауда-саттыққа қатысу құқығымен, куәлік N МО61, сондай-ақ қор биржасының ("Р" санаты) ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар саудасына қатысу құқығымен, 2003 жылғы 10 қазандағы N 24 хаттама, Қазақстандық Қор биржасының мүшелігіне қабылданды. Қазақстан Республикасының Үкіметі тұлғасында Акционерлердің жалпы жиналысы "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" жоғарғы органы болып табылады. Басқару органы - Директорлар кеңесі. Атқарушы (жекедара) орган - Бас директор. Бақылаушы органның функциясын Тексеру комиссиясы жүзеге асырады.

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" құрылымы орталық аппарат - 14 дербес құрылымдық бөлімшелерден, Астана қаласындағы филиалдан және әрбір облыс орталықтары мен Семей, Жезқазған қалаларындағы 16 өңірлік

өкілдіктерден тұрады.

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" ұстанған үлгісін - желілік-функционалдық ұйымдық құрылымын таңдау - "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" алдарында тұрған зейнетақы жарналарын жинау, зейнетақы активтерін инвестициялау және зейнетақы жинақтарын төлеу ( алу) жөніндегі мақсаттар мен міндеттерді біртұтас қаржы орталығынан жүзеге асыратын миссиясымен, сондай-ақ өкілдігі мен филиалының дамыған өңірлік желісі бар екендігімен танымал болған, салымшылар мен алушыларға операциялық қызмет көрсету жөніндегі операциялық қызметімен ерекшеленеді.

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" бөлімшелерін саралау олардың функционалдық белгілері:

1. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" басшылығы;

2. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" активтерін басқарушы бөлімшелер - инвестициялық басқарма, сауда операциялары бөлімі, зейнетақы активтерін есепке алу және операциялар жөніндегі басқармасы, қаржы рыноктарын зерттеу және тәуекелділікті басқару бөлімі;

3. Салымшыларды тартушы бөлімшелер - салымшылармен жұмыс жөніндегі басқарма, филиал, өңірлік өкілдіктер;

4. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" қызметіне қолдау көрсететін бөлімшелер - бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі, бюджетті жоспарлау және бақылау бөлімі, заң бөлімі, ақпараттық технологиялар бөлімі, ішкі аудит бөлімі, қызметкерлер құрамын басқару секторы, ақпараттық қауіпсіздік секторы;

5. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорын" әкімшілік-шаруашылық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын бөлімшелер - әкімшілік-шаруашылық бөлімі, кеңсе арқылы жүзеге асырылды.

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" 2003 жылғы жалпы штаттық саны 194 бірлікті құрайды, олардың ішінде орталық аппаратта - 134 бірлік, филиал мен өңірлік өкілдіктерде - 60 бірлік бар. Бұл ретте бірінші басшы, оның орынбасарлары, бас бухгалтер мен дербес бөлімшелер басшыларынан тұратын орталық аппарат басқарушы құрамының пайыздық ара салмағы "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жалпы санының 9,8%-ін құрайды. Өкілдік қызметкерлерінің саны өкілдік қызмет көрсететін облыста тұратын халық санына және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" салымшылар санына қарай 2 адамнан 5 адамға дейін өзгеріп отырады. Жоспарланған мерзімге арналған " Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ын басқарудың аталған үлгісінің одан әрі дамуы "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" құрылу құрылымының желілік-функционалдық принциптерін сақтай отырып, жаңа функциялар енгізу және (немесе) бар функцияларды өзгерту шараларынан

туындаған оның құрамды бөліктерін одан әрі жетілдіруге бағытталатын болады. Айталық, Қордың алдына селолар мен кішкентай қалалар тұрғындарын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту, әрбір тұтынушыға қаржы қызметін көрсету үшін құрылған өңірлік өкілдіктерді дамыту бойынша қойылған міндеттерге сәйкес, сипатталып отырған мерзім ішінде "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" жеке тұлғалардан тұратын, Қормен жеке еңбек келісім-шартына отырған, алайда "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының " штаттағы қызметкерлер құрамына енбейтін агенттік желіні кеңейту жоспарлануда. Сонымен қатар, маркетингтік стратегияны дайындап, іске асыруды қамтамасыз ететін орталық аппарат бөлімшелері де дамитын болады.

**"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның ұйымдық құрылымы**

```
                                  _________________________
                              |Бас директор - 1 бірлік |
                        |                              |

                                       |                       |
Бас директордың              Бас директордың орынбасары - 1
орынбасары   -                                      бірлік
1 бірлік          ____________________________________________
_____________         |                  |                |
     |              |                    |                |
Салымшылармен   Инвестициялық     Қаржы рыноктарын     Сауда
жұмыс          басқарма - 13     зерттеу және       операция.
басқармасы - 31  бірлік              тәуекелділікті         лары
     |             |              басқару бөлімі-     бөлімі -
Операциялық     Инвестициялар       11 бірлік           4 бірлік
бөлім - 12          қоржынын басқару                   |
бірлік            бөлімі - 4 бірлік    Инвестициялар
      |              |                 рыногын талдау
Үйлестіру          Қоржындық есеп       секторы - 3 бірлік
бөлімі -              бөлімі - 4 бөлімі                |
18 бірлік            |                Зейнетақы рыногын
                  Нормативті есеп     талдау және статис.
                  айырысу және         тика секторы - 4
                       есептеме бөлімі          бірлік
                     - 4 бірлік                        |
                                          Стратегиялық
```

жоспарлау және
тәуекелділікті
басқару секторы
- 3 бірлік
схеманың жалғасы
___________________________
|Бас директор - 1 бірлік |
| |
|§ | |
Атқарушы директор Бас бухгалтер Техникалық директор
- 1 бірлік - 1 бірлік - 1 бірлік
| | | | ||
|- Заң бөлімі - Зейнетақы Бухгалтерлік | Ақпараттық | |
| 6 бірлік активтерін есеп және | технологиялар -| |
| есепке алу есептеме -| бөлімі - 10 | |
|- Кеңсе - және бөлімі - 6 | бірлік | |
| 5 бірлік операц-р бірлік | | |
| басқармасы | Бағдарламалық | |
|- Қызметкерлер - 16 бірлік | қамсыздандыруды | |
| құрамын | қолдау және -| |
| басқару Зейнетақы Бюджетті | дамыту секторы | |
| секторы - 3 активтерін жоспарлау -| - 4 бірлік | |
| бірлік есепке алу және | | |
| бөлімі - 5 бақылау | Жүйелік және | |
|- Әкімшілік- бірлік бөлімі - | техникалық -| |
| шаруашылық 4 бірлік | қамсыздандыру | |
| бөлімі - 10 Есеп секторы - 5 | |
| бірлік айырысу бірлік | |
операциялары | |
бөлімі - 10 Ақпараттық | |
бірлік қауіпсіздік -| |
секторы - 3 | |
бірлік | |
|
Ішкі аудит |
бөлімі - 5 --|
бірлік |

с х е м а н ы ң т ө м е н г і ж а л ғ а с ы

| Филиал Астана қаласы - 7 бірлік | Ақмола облысындағы өкілдік - 4 бірлік | Ақтөбе облысындағы өкілдік - 4 бірлік | Талдықорған қаласындағы өкілдік - 2 бірлік | Атырау облысындағы өкілдік - 3 бірлік | Шығыс Қазақстан облысындағы өкілдік - 4 бірлік | Семей қаласындағы өкілдік - 2 бірлік |
|---|---|---|---|---|---|---|

с х е м а н ы ң ж а л ғ а с ы

| Жамбыл облысындағы өкілдік - 4 бірлік | Батыс Қазақстан облысындағы өкілдік - 3 бірлік | Қарағанды облысындағы өкілдік - 5 бірлік | Жезқазған қаласындағы өкілдік - 2 бірлік | Қызылорда облысындағы өкілдік - 3 бірлік | Қостанай облысындағы өкілдік - 4 бірлік |
|---|---|---|---|---|---|

с х е м а н ы ң с о ң ы

| Маңғыстау облысындағы өкілдік - 3 бірлік | Павлодар облысындағы өкілдік - 4 бірлік | Солтүстік Қазақстан облысындағы өкілдік - 4 бірлік | Оңтүстік Қазақстан облысындағы өкілдік - 5 бірлік |
|---|---|---|---|

## 2. Қаржы, зейнетақы рыноктарын талдау Бәсекелестер және Қордың жалпы рыноктағы үлесі Қазақстан Республикасының ішкі қаржы рыногы

Қазақстан Республикасы ішкі жалпы өнімінің салыстырмалы түрде көбеюі 2001 жыл ішінде 13,5%, 2002 жыл ішінде 9,5% құрады. Қазақстан экспорттайтын көмір сутегі мен басқа да шикізат бағаларының өсуіне әкеп соқтырған соңғы

әлемдік оқиғалар 2002 жылдың аяғы мен 2003 жылдың басында еліміздің сауда балансының оң сальдосына және мемлекеттік бюджет тапшылығының төмендеуіне әсер етті. Валюта рыногында 2001 және 2002 жылдары теңгенің АҚШ долларына шаққандағы құнсыздануы тиісінше жылдық 3,86% және 3,32% құрады. 2003 жылдың басында теңгенің аталған валютаға қатысының бекігендігі, яғни ағымдағы жылдың бірінші жартысында жылдық 3,57% құраған теңгенің бағамының көтерілгендігі байқалды.

Мемлекеттік бағалы қағаздар секторында, атап айтқанда 2001 жылғы аукциондар бойынша мемлекет тарапынан қарызға алу көлемі ішкі рынокта 142 401 млн. теңгені, олардың ішінде Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары - 116 433 млн. теңгені, Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары - 25 930 млн. теңгені, жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары - 38 млн. теңгені құрады. 2002 жылы эмиссиялар көлемі бастапқы рынокта 2001 жылмен салыстырғанда 84,41% артып, 262 688 млн. теңгені құрады. Бұл ретте Ұлттық Банкінің ноталары - 208 347 млн. теңгені (+78,87%), Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары - 51 736 млн. теңгені (+99,52%), жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары - 2 605 млн. теңгені (+6706,33%) құрады. 2003 жылдың бірінші жарты жылдығында бастапқы рыноктағы эмиссиялар көлемі 347 950 млн. теңгені құрады, ол тұтас алғанда 2002 жылғы мөлшерден 24,50% жоғары. Бұл ретте, Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары - 336 313 млн. теңгені (+38,05%), Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары - 6 945 млн. теңгені (-644,92%), жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары - 4 692 млн. теңгені (+44,49%) құрады.

2002 жылдың аяғында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі тарапынан қарызға алу көлемі ішкі және сыртқы қаржы рыноктарында негізінен бюджетке салық және міндетті төлемдердің келіп түсуінен, "Қазақмыс" корпорациясы акцияларының мемлекеттік пакетін сатудан және экспорттық операциялар кірісінен болған өтімділік түсімі әсерінен төмендегенін атап өту керек. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қазіргі уақытта мемлекет тарапынан мемлекеттік бағалы қағаздардың негізгі эмитенті болып табылады. Алыпсатарлық құрамдас бөлік көзқарасынан алғанда қысқа мерзімді ноталар және РЕПО секторлары қалыптасқан теңге ревальвациясы жағдайында барынша актуальды болады. Бірақ ол екінші жағынан алғанда қарқынды дамып келе жатқан зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарында жинақтаушы зейнетақы қорларының тұтыну проблемаларын шешпейді. Ол өз кезегінде корпоративтік борышты бастапқы орналастыру көлемін арттыру бөлігінде мемлекеттік емес бағалы қағаздар секторының дамуын жеделдетуі тиіс.

Мемлекеттік бағалы қағаздар секторының қайталама рыногында жинақтаушы

зейнетақы қорларының инвестициялар қоржынын құрайтын негізгі базалық қаржы құралдары пайыздық ставкасы деңгейінің біртіндеп төмендеуі байқалуда ( 1-кесте).

1-кесте

**Қазақстан Республикасының тәуелсіз еурооблигациялар кірістілігінің серпіні**

( п а й ы з )

| Еурооблигациялар атауы | 2001 жыл | 2002 жыл | 2003 жылдың 1 жарты жылдығы |
|---|---|---|---|
| Еуронота - 4 | 6,11 | 2,83 | 2,66 |
| Еуронота - 7 | 6,59 | 4,29 | 3,35 |

2001 жылдың қорытындылары бойынша Еуро-4 ставкасының 6,11%-тен 2002 жылдың аяғына 2,83%-ке және Еуро-7 ставкасы бойынша 2002 жылдың басындағы 6,59%-тен 2003 жылдың басына 4,29%-ке төмендеуі өсіп келе жатқан зейнетақы активтерінің айтарлықтай өтімділігімен және бұл құралдарға сұраныстың болуымен ерекшеленеді.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар секторындағы бастапқы рынокта бағалы қағаздар шығарудың едәуір өскені байқалды. Айталық, 2002 жылы "Альфа-Банк" ЕБ ААҚ, "Арна" ААҚ, "Альянс Банк" ААҚ, "Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ, " Жәйрем КБК" ААҚ, "Қазатомпром" ҰАҚ, "Қазақстандық ипотекалық компания" ЖАҚ, "Нұрбанк" ААҚ, "Ордабасы" корпорациясы алғаш рет өз облигацияларын шығарды, "Астана-финанс" ААҚ, "АСҚ Банкі" ААҚ, "ТұранӘлемБанк" ААҚ, " ЦентрКредитБанк" ААҚ, "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ, "Казкоммерцбанк" екінші облигацияларын шығарса, "Казкоммерцбанк" ААҚ және "Темірбанк" ААҚ үшінші эмиссияны жүзеге асырды. 2002 жылғы 1 қаңтарға жинақтаушы зейнетақы қорлары "А" дәрежесіне енгізілген Қазақстан Республикасының негізгі ірі кәсіпорындардың акцияларына 6 642 млн. теңге (немесе инвестицияланған активтердің 3,9%-ын), "А" дәрежелі облигацияларға - 33 874 млн. теңге (немесе инвестицияланған активтердің жалпы сомасының 19,7%) инвестициялады. 2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы мемлекеттік емес бағалы қағаздар салудың үлесті салмағы артты. Зейнетақы рынок операторлары негізінен ірі кәсіпорындардың облигациялары мен еурооблигацияларына инвестициялауды жүзеге асырды. Айталық, 2003 жылғы 1 қаңтарға зейнетақы активтерін "А" дәрежесіндегі акцияларға салу 10 334 млн. теңгеге (немесе инвестицияланған активтер көлемінің 4,0%), "А" дәрежесіндегі облигацияларда - 60 771 млн. теңгеге (немесе инвестицияланған активтер көлемінің 23,5%) артты.

2003 жылғы 1 шілдеге зейнетақы активтерін "А" дәрежелі акцияларға салу көлемі 13 329 млн. теңгеге (немесе инвестицияланған активтер көлемінің 4,35%), "А" дәрежелі облигациялар - 68 261 млн. теңгеге (немесе инвестицияланған активтер көлемінің 22,30%) дейін өсті.

2002 жылы және 2003 жылдың басында жүзеге асырылған корпоративтік облигациялар эмиссияларының ұлғаюы бірінші кезекте, қазіргі уақытта қаржы құралдарына тапшылығы байқалатын жинақтаушы зейнетақы қорларына бағытталған деп болжауға болады. Эмитенттер тарапынан жасалған мұндай тәсілдеме мемлекеттік емес бағалы қағаздар секторының дамуына айтарлықтай түрткі болды.

Банк қызметтері секторында екінші деңгейдегі ірі банктердің депозитті сыйақы ставкасының сәл төмендегенін атап өтуге болады (2-кесте).

2-кесте

**Екінші деңгейдегі банк депозиттері бойынша сыйақы ставкасының серпіні**

(пайыз)

| Жыл | Валюта | 1 ай | 3 ай | 6 ай | 9 ай | 12 ай |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2001 | USD | 4,47 | 5,91 | 7,00 | 7,48 | 8,78 |
| | KZT | 6,46 | 8,14 | 9,70 | 11,23 | 12,63 |
| 2002 | USD | 4,30 | 5,80 | 6,00 | 7,30 | 8,50 |
| | KZT | 6,29 | 7,60 | 9,60 | 11,00 | 12,30 |
| 2003 | USD | 2,60 | 3,34 | 4,66 | 6,80 | 7,90 |
| жылдың | KZT | 3,80 | 4,90 | 6,46 | 8,30 | 9,40 |
| 1 жарты | | | | | | |
| жылдығы | EUR | 2,14 | 2,84 | 3,94 | 5,76 | 6,76 |

Жыл ішінде ставканың төмендеуі орташа алғанда 10-15 тармақты құрады. Ставканы төмендететін елеусіз түзетулер енгізе отырып сақталған тұрақтандыру тенденциялары екінші деңгейдегі банктердің заңды тұлғалардан арзан ақшаларды тарту позицияларының өзгермегендігін куәландырады. 2003 жыл ішінде құрылымдағы теңгелік депозиттердің артуына байланысты АҚШ долларында аталған депозиттердің төмендегені байқалады. Жалпы алғанда, қайта қаржыландыру ставкаларын одан әрі төмендету бойынша болжалды деректерді есепке ала отырып, депозиттер бойынша да ставкасының сәл төмендеуін күтуге болады.

## Қазақстанның зейнетақы рыногы

Өткен 2001-2002 жылдары Қазақстан жинақтаушы зейнетақы жүйесі елеулі құрылымдық өзгерістерді бастан кешірді. Зейнетақы және қаржы рыноктарын интеграциялау есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларының серпінді дамуы қаржы рыногында инвестициялық климаттың және институционалдық инвесторлар қызметі шарттарының өзгеруіне әсер етті. Сонымен бір мезгілде 2001-2002 жылдарда қаржы рыноктарының серпінділік сипаттамаларының өзгеруі жинақтау жүйесінің өз ішінде құрылымдық өзгерістерге әкеп соқты. Қазақстан Ұлттық Банкінің біріктірме деректеріне сәйкес 2003 жылғы 1 қаңтарда зейнетақы жинақтары бар қатысушылар/салымшылар саны 5 399 320 адамды құрады. Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларын жылдық серпін жиынтығымен сыбағалы қайта бөлу аталған статистикалық көрсеткіш бойынша 2001 және 2002 жылдар ішінде жүйенің тұрақтанғандығын және қазіргі уақытта салыстырмалы түрде орныққандығын көрсетеді (3-кесте).

3-кесте

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылар/салымшылар санының серпіні (үлес салмағы, өсім)**

| Қорлардың атауы | 2001 жыл, адам саны | Үлес салмағы, % | 2002 жыл, адам саны | Үлес салмағы, % | Үлес салмағы % |
|---|---|---|---|---|---|
| "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" | 2 143 104 | 46,3 | 2 299 416 | 42,6 | 7,3 |
| "Валют-транзит қоры" | 178 597 | 3,9 | 292 548 | 5,4 | 63,8 |
| "Қорғау" | 45 461 | 1,0 | 64 939 | 1,2 | 42,8 |
| "Қазақстан" | 64 083 | 1,4 | 90 199 | 1,7 | 40,8 |
| "НефтеГазДем" | 90 106 | 1,9 | 123 424 | 2,3 | 37,0 |
| "Абн-Амро КаспийМұнайГаз" | 93 984 | 2,0 | 123 503 | 2,3 | 31,4 |
| "Халықтық зейнетақы қоры" | 107 244 | 2,3 | 137 991 | 2,6 | 28,7 |
| "Сенім" | 107 350 | 2,3 | 129 450 | 2,4 | 20,6 |
| "Құрмет" | 194 854 | 4,2 | 244 672 | 4,5 | 25,6 |
| "Қазақстан Халық Банкі қоры" | 776 093 | 16,8 | 914 326 | 16,9 | 17,8 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| "Д.А. Қонаев атындағы қор" | 26 151 | 0,6 | 30 358 | 0,6 | 16,1 |
| "Филип Моррис Қазақстан" | 1 043 | 0,0 | 1 180 | 0,0 | 13,1 |
| "ҰларҮміт" | 715 177 | 15,4 | 808 095 | 15,0 | 13,0 |
| "Қазақмыс" | 83 625 | 1,8 | 92 081 | 1,7 | 10,1 |
| "Отан" | 3 333 | 0,1 | 28 505 | 0,5 | 755,2 |
| "Капитал" | - | - | 18 633 | 0,3 | - |
| Барлығы | 4 630 205 | 100,0 | 5 399 320 | 100,0 | 16,6 |

2002 жыл ішінде салымшылар саны 769 115 адамға (+16,6%) артты, ол талданып отырған мерзім ішінде еңбекке жарамды халықтың қамтылу аумағының кеңейгенін көрсетеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жетекшілерінің позицияларын қарастыру кезінде, 2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" салымшыларының үлес салмағы 3,7 пайыздық тармаққа 42,6% деңгейіне төмендегені байқалады. Аталған мерзім ішінде салымшылар санының ең жоғары салыстырмалы өсуі мына зейнетақы қорларында байқалады: "Отан" - 755,2%, "Валют-транзит қоры" - 63,8%, "Қорғау" - 42,8%, "Қазақстан" - 40,8%.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары қимасындағы салымшылардың базалық санының серпіні қатысушыларды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне жаппай тарту сатысының аяқталғандығын, бірақ олардың жинақтаушы зейнетақы қорлары тарапынан қарқынды жүргізілген маркетингілік қызмет әсерінен жүйе ішінде қайта бөлінуі жалғасуда екенін байқатады (4-кесте). Салымшыларды тарту мақсатында бәсекелестікті күшейту барысында қалыптасқан тенденцияның сақталуы болжануда.

4-кесте

**2002 жылға жинақтаушы зейнетақы қорларына қаражаттардың зейнетақы жинақтарын аудару түрінде келіп түсу**

| Қорлардың атауы | 2002 жыл, млн. теңге | Үлес салмағы, % | Оның ішінде, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнет. ақы қорынан" басқа қорларға аударылғаны, млн. теңге | Үлес салмағы, % |
|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" | 445 | 2,9 | - | - |
| "Валют-транзит қоры" | 1 520 | 9,9 | 1 068 | 70,3 |
| "Д.А. Қонаев атындағы қор" | 134 | 4,9 | 80 | 59,7 |
| "Халықтық зейнетақы қоры" | 749 | 4,9 | 353 | 47,1 |
| "Қазақстан" | 595 | 3,9 | 215 | 36,1 |
| "Қазақстан Халық Банкі қоры" | 3 669 | 23,9 | 1 579 | 43,0 |
| "Қазақмыс" | 48 | 0,3 | 13 | 27,1 |
| "Ұлар Үміт" | 2 380 | 15,5 | 1 563 | 65,7 |
| "НефтеГазДем" | 403 | 2,6 | 205 | 50,9 |
| "Құрмет" | 1 080 | 7,0 | 626 | 58,0 |
| "Абн-Амро КаспийМұнай Газ" | 1 177 | 7,7 | 648 | 55,1 |
| "Сенім" | 297 | 1,9 | 156 | 52,5 |
| "Қорғау" | 337 | 2,2 | 239 | 70,9 |
| "Филип Моррис Қазақстан" | 104 | 0,7 | 46 | 44,2 |
| "Отан" | 1 992 | 13,0 | 190 | 9,5 |
| "Капитал" | 429 | 2,8 | 138 | 32,2 |
| Барлығы | 15 359 | 100,0 | 7 119 | 46,4 |

2001 жылы "ҰларҮміт", "Абн-Амро КаспийМұнайГаз" және "Қазақстан Халық Банкі қоры" жиынтығында салымшылар аударған зейнетақы жинақтары жалпы көлемінің 81%-ін тарта білді. Кестеден көрінгендей, 2002 жылы " Қазақстан Халық Банкі қоры" мен "Ұлар Үміт" қорлары аударылған зейнетақы жинақтарын тартуда жетекші орындарда болды (39,4%), ал "Қазақстан Халық Банкі қоры" бұрынғы мерзіммен салыстырғанда 2002 жылы зейнетақы жинақтарын тарту көлемін екі есеге арттырды. Басқа қорлардан салымшыларды тартуда "Қазақстан Халық Банкі қоры" мен "ҰларҮміт" қорларының көш бастауы ауқымды жарнамалы компаниямен қатар сараланған агенттік желі жұмысына бағытталған жұмылдырылған қатаң маркетингтік стратегияның жемісі болып табылады. Басқа жинақтаушы зейнетақы қорларының деректерімен қатар 2001 жылы "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына" салымшылар аударған жинақтардың жиынтық көлемінің 1%, 2002 жылы 2,9% келіп түсті.

Жоғарыда атап өтілген қорлармен салыстырғанда "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына" аударымдардың мұндай елеусіз деңгейі "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" заңға енгізілген өзгерістерді айқындайтын ақпараттық-түсіндірме жұмыстарымен ғана шектеліп, салымшыларды тарту стратегиясын жүргізбейтіндігімен, ал агенттік желінің жұмысы Қордың салымшысы болып табылатын тұлғалармен зейнетақы келісім-шарттарын жасасу , қате шоттарды біріктіру қызметімен және құлақтандыру науқанына қатысумен ғана шектелетіндігімен түсіндіріледі. Осының негізінде "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына" ауысқан салымшылар өз таңдауларын маркетингтік тәсілдің әсерінен емес, саналы түрде жасаған деген тұжырымға келуге болады.

Жинақтарды аударудың жалпы тенденциясы бұрынғы мерзіммен салыстырғанда 2002 жылы 29,5% төмендеді, бұл салымшылардың зейнетақы жинақтарын аудару туралы шешім қабылдауды олардың аударымдардың артықшылықтарын ашып көрсететін, толық көлемдегі ақпаратты және шешім қабылдау үшін ұзақ мерзім талап етілетін жауапты қаржы мәселесі санатына жатқызатындығын көрсетеді. Сондай-ақ 4-кестеден көрінгендей, жекелеген зейнетақы қорлары "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына" салымшылар тартуға мақсатты түрде бағдар ұстанған, мысалы: "Қорғау" (70,9%), " Валют-транзит қоры" (70,3%), "ҰларҮміт" (65,7%) және "Д.А.Қонаев атындағы қор" (59,7%).

5-кесте

**Жинақтаушы зейнетақы қорларынан 2002 жылға зейнетақы жинақтарын аудару**

| Қорлардың атауы | 2002 жыл, млн. теңге | Үлес салмағы, % | Оның ішінде, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнет. ақы қорынан" басқа қорлардан келіп түскені, млн. теңге | Үлес салмағы, % |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| "Мемлекеттік жинақ. таушы зейнетақы қоры" | 7 119 | 46,4 | - | - |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Валют-транзит қоры" | 273 | 1,8 | 23 | 8,4 |
| "Д.А. Қонаев атындағы қор" | 55 | 0,4 | 7 | 12,7 |
| "Халықтық зейнетақы қоры" | 429 | 2,8 | 19 | 4,4 |
| "Қазақстан" | 132 | 0,9 | 3 | 2,3 |
| "Қазақстан Халық Банкі қоры" | 1 666 | 10,9 | 180 | 10,8 |
| "Қазақмыс" | 93 | 0,6 | 4 | 4,3 |
| "Ұлар Үміт" | 3 298 | 21,5 | 108 | 3,3 |
| "НефтеГазДем" | 156 | 1,0 | 9 | 5,8 |
| "Құрмет" | 576 | 3,8 | 24 | 4,2 |
| "Абн-Амро КаспийМұнай Газ" | 988 | 6,4 | 27 | 2,7 |
| "Сенім" | 204 | 1,3 | 10 | 4,9 |
| "Қорғау" | 235 | 1,5 | 10 | 4,3 |
| "Филип Моррис Қазақстан" | 83 | 0,5 | 19 | 22,9 |
| "Отан" | 38 | 0,2 | 1 | 2,6 |
| "Капитал" | 5 | 0,0 | 0,06 | 1,2 |
| Барлығы | 15 350 | 100,0 | 444 | 2,9 |

Жинақтарды басқа қорларға аудару нәтижесінде "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорында" қаражаттардың жылыстауының үлес салмағы 2001 жылғы 86,5%-тен 2002 жылы 46,4%-ке дейін төмендегеніне қарамастан, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" бұл көрсеткіш бойынша бірінші орында қалуда. " ҰларҮміт" қорынан ауысу көлемі 2001 жылғы 2,1%-тен 2002 жылы 21,5%-ке дейін едәуір өсті. Аударым нәтижесінде қаражаттардың жалпы жылыстауы " Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры", "Қазақстан Халық Банкі қоры" және "ҰларҮміт" қорының 2002 жылғы үлес салмағы 78,8% құрады, ол аталған қорларда жинақтаушы зейнетақы жүйесі активтерінің 67,8%-нің әкімшілдендірілуімен түсіндіріледі. Аударым нәтижесінде "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына" басқа жинақтаушы зейнетақы қорларынан келіп түскен сомалардың үлес салмағын қарастырсақ, алдыңғы позицияны "Филип Моррис Қазақстан" (жалпы аударым сомасының 22,9%) иеленеді, бұл осы корпорациядағы кадрлардың тұрақтамауынан болуы мүмкін. "Қазақстан Халық Банкі қоры" мен "ҰларҮміт" қорынан аударымдардың айтарлықтай көлеміне қарамастан, осы қорлардың шығыны қорларға аударылған жинақтар есебінен өтеліп отырды, зейнетақы жарналары түрінде келіп түскен жинақтарын басқа

қорларға аудару арқылы өз активтерінен айрылуға мәжбүр болған "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" позициясы осылай сипатталады.

6-кесте

**Жинақтаушы зейнетақы қорлары қимасында зейнетақы жарналарының келіп түсу серпіні**

| Қорлардың атаулары | 2001 жыл, млн. теңге | Үлес салмағы, % | 2002 жыл, млн. теңге | Үлес салмағы, % |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" | 15 449 | 35,0 | 15 887 | 24,1 |
| "Валют-транзит қоры" | 1 361 | 3,1 | 2 225 | 3,4 |
| "Д.А.Қонаев атындағы қор" | 119 | 0,3 | 172 | 0,3 |
| "Халықтық зейнетақы қоры" | 838 | 1,9 | 1 443 | 2,2 |
| "Қазақстан" | 1 276 | 2,9 | 1 676 | 2,5 |
| "Қазақстан Халық Банкі қоры" | 12 577 | 28,5 | 15 621 | 23,7 |
| "Қазақмыс" | 1 531 | 3,5 | 1 791 | 2,7 |
| "Ұлар Үміт" | 1 308 | 3,0 | 11 831 | 18,0 |
| "НефтеГазДем" | 1 191 | 2,7 | 1 731 | 2,6 |
| "Құрмет" | 2 311 | 5,2 | 3 400 | 5,2 |
| "Абн-Амро КаспийМұнай Газ" | 2 410 | 5,5 | 5 239 | 7,9 |
| "Сенім" | 2 650 | 6,0 | 2 835 | 4,3 |
| "Қорғау" | 1 017 | 2,3 | 1 265 | 1,9 |
| "Филип Моррис Қазақстан" | 66 | 0,1 | 160 | 0,2 |
| "Отан" | 19 | 0,0 | 447 | 0,7 |
| "Капитал" | - | - | 187 | 0,3 |
| Барлығы | 44 123 | 100,0 | 65 910 | 100,0 |

Зейнетақы жарналарының келіп түскен сомаларының позициясы бойынша алғашқы орынға "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ие - 24,1%, " Қазақстан Халық Банкі қоры" - 23,7%, "ҰларҮміт" - 18,0%, ол осы қорларда әкімшілік жолмен басқарылатын жеке зейнетақы шоттарының санына пара-пар деген сөз. "Абн-Амро КаспийМұнайГаз" қорына едәуір көлемде түскен түсімдер (7,9%) бұл қордың салымшылар кірісінің жоғары деңгейлілігімен түсіндіріледі.

7-кесте

**2002 жылға жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын төлеу серпіні**

| Қорлардың атаулары | 2002 жыл, млн. теңге | Үлес салмағы, % |
|---|---|---|
| "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" | 1498 | 22,9 |
| "Валют-транзит қоры" | 218 | 3,3 |
| "Д.А.Қонаев атындағы қор" | 14 | 0,2 |
| "Халықтық зейнетақы қоры" | 109 | 1,7 |
| "Қазақстан" | 201 | 3,1 |
| "Қазақстан Халық Банкі қоры" | 1 548 | 23,7 |
| "Қазақмыс" | 312 | 4,8 |
| "Ұлар Үміт" | 1 095 | 16,7 |
| "НефтеГазДем" | 124 | 1,9 |
| "Құрмет" | 290 | 4,4 |
| "Абн-Амро КаспийМұнай Газ" | 509 | 7,8 |
| "Сенім" | 554 | 8,5 |
| "Қорғау" | 33 | 0,5 |
| "Филип Моррис Қазақстан" | 6 | 0,1 |
| "Отан" | 26 | 0,4 |
| "Капитал" | 1 | 0,0 |
| Барлығы | 6 538 | 100,0 |

2003 жылғы 1 қаңтарға зейнетақы жинақтарын төлеу (ақша қаражаттарының жүйеден зейнетақымен қамсыздандыруға шығуы) сомасы жинақтаушы зейнетақы жүйесі қызмет ете бастаған уақыттан бергі үдемелі қорытындымен 14 611 млн. теңгені құрады, оның ішінде 2002 жылы алушылардың зейнетақы төлемдеріне 6 538 млн. теңге жіберілді (7-кесте). Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы төлемдерін төлеу көрсеткішінің ауытқуы ең алдымен демографиялық жағдайларға және есеп беретін мерзім ішінде зейнетақы төлемдерінің жалпы көлемін құрайтын дербестендірілген жинақ сомасына байланысты. Тұтас алғанда жылдық серпін бойынша зейнетақы төлемдері көлемінің сатылы өсуі байқалады, соның нәтижесінде 2002 жылдың желтоқсанында барлық жинақтаушы зейнетақы қорлары міндетті зейнетақы

төлемдерінің көлемі 2002 жылғы қаңтарда жүзеге асырылған зейнетақы төлемдерінің көлемінен 45% артты. Зейнетақы қорларының барлығы зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады және зейнетақы төлемдерінің ең көп көлемі ірі зейнетақы қорларында байқалады. 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап 2002 жылғы 1 қаңтар аралығында жинақтаушы зейнетақы жүйесінің зейнетақы активтерінің жиынтық құны 112 869 млн. теңгеден 182 652 млн. теңгеге дейін көтерілді, оның ішінде 32,30% немесе 58 999 млн. теңгені "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" активі құрайды. 2002 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі зейнетақы активтерінің құны 87 507 млн. теңгеге артып, 270 159 млн. теңгені құрады, оның ішінде "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" активтері 75 774 млн. теңге (жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша активтер құнының 28,05%) (8-кесте).

8-кесте

**Зейнетақы активтері бойынша рыноктық үлес серпіні**

| Қорлардың атауы | 2001 жыл | | 2002 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | Үлес салмағы, % | млн. теңге | Үлес салмағы, % |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" | 58999 | 32,30 | 75 774 | 28,05 |
| "Валют-транзит қоры" | 4017 | 2,20 | 7889 | 2,92 |
| "Д.А.Қонаев атындағы қор" | 515 | 0,28 | 821 | 0,30 |
| "Халықтық зейнетақы қоры" | 2974 | 1,63 | 5072 | 1,88 |
| "Қазақстан" | 4681 | 2,56 | 7342 | 2,72 |
| "Қазақстан Халық Банкі қоры" | 39058 | 21,38 | 60832 | 22,52 |
| "Қазақмыс" | 6483 | 3,55 | 8858 | 3,28 |
| "Ұлар Үміт" | 31452 | 17,22 | 46504 | 17,21 |
| "НефтеГазДем" | 3983 | 2,18 | 6433 | 2,38 |
| "Құрмет" | 6508 | 3,57 | 11169 | 4,14 |
| "Абн-Амро КаспийМұнай Газ" | 12127 | 6,64 | 18923 | 7,00 |
| "Сенім" | 9035 | 4,95 | 12757 | 4,72 |
| "Қорғау" | 2285 | 1,25 | 3916 | 1,45 |
| "Филип Моррис Қазақстан" | 421 | 0,23 | 649 | 0,24 |
| "Отан" | 114 | 0,06 | 2596 | 0,96 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Капитал" | - | - | 624 | 0,23 |
| Барлығы | 182652 | 100,00 | 270159 | 100,00 |

2001-2002 жылдардағы жинақтаушы зейнетақы қорларының рыноктық үлестер серпінін және қаржылық құралдар себеті құрылымының өзгерістерін талдау - зейнетақы активтері себеті үлгілерінің әртараптандырылғанына қарамастан, көптеген қорларда атаулы табыс коэффициенті мәнінің тұрақты төмендеу тенденциясы байқалатындығын көрсетті. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" елеусіз төмендегеніне қарамастан, 2002 жыл бойына өзінің нақты табыстылығын өзіне сеніп тапсырылған зейнетақы активтерін басқарудың өлшеулі және тиімді стратегиясы арқылы жүргізіп, барынша тұрақтандырды.

Ұсынылған нақты кіріс коэффициентінің ай сайынғы серпіні жинақтаушы зейнетақы қорының шартты зейнетақы бірлігінің құны сияқты қаржы көрсеткішімен өзара сабақтас екендігін атап өткен жөн (9-кесте).

9-кесте

**Нақты кірістік коэффициенті (К2) мен шартты зейнетақы бірлігі (ШЗБ) құнының серпіні**

| Қорлардың атауы | 2001 жыл | | 2002 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| | К2, % | ШЗБ құны, теңге | К2,% | ШЗБ құны, теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| "Мемлекеттік жинақ. таушы зейнетақы қоры" | 15,84 | 232,4482 | 14,80 | 266,6102 |
| "Валют-транзит қоры" | 14,42 | 250,8393 | 12,38 | 281,0647 |
| "Д.А.Қонаев атындағы қор" | 14,44 | 233,7715 | 11,87 | 260,9985 |
| "Халықтық зейнетақы қоры" | 15,42 | 267,3640 | 12,46 | 299,8405 |
| "Қазақстан" | 16,54 | 251,0615 | 13,27 | 283,3791 |
| "Қазақстан Халық Банкі қоры" | 15,02 | 261,7668 | 12,71 | 294,3595 |
| "Қазақмыс" | 14,87 | 268,4221 | 13,01 | 304,0027 |
| "Ұлар Үміт" | 14,25 | 262,2282 | 12,97 | 299,7234 |
| "НефтеГазДем" | 15,78 | 258,8800 | 13,12 | 288,3535 |
| "Құрмет" | 16,54 | 211,8701 | 13,27 | 239,3788 |
| "Абн-Амро КаспийМұнай Газ" | 14,51 | 181,8676 | 12,64 | 204,5951 |
| "Сенім" | 15,52 | 141,5332 | 12,91 | 160,3808 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Қорғау" | 15,52 | 131,5510 | 11,36 | 146,1375 |
| "Филип Моррис Қазақстан" | - | 106,5426 | 11,42 | 118,4678 |
| "Отан" | - | 100,5905 | 9,87 | 110,6464 |
| "Капитал" | - | - | - | 105,2561 |

Шартты зейнетақы бірлігі құнының өсу қарқыны жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қызметі мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару органдарының зейнетақы активтерін тиімді пайдалану нәтижелеріне сай өзгеріп отырады.

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" зейнетақы активтерін басқару бойынша инвестициялық қызметі ішкі және сыртқы рыноктарда қалыптасқан жағдайларда Қордың зейнетақы бірлігі құны өсу қарқынының тұрақты деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

**Негізгі клиенттер (тұтынушылар, тапсырыс берушілер)**

Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу тенденциясы өсіп отырған жұмысқа жарамды халқы жинақтаушы зейнетақы қорларының негізгі әлеуетті клиенттері (салымшылары) болып табылады. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сүйенсек, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне экономикалық белсенді халықтың 73,0% қатысады. 2002 жылы жылдың басымен салыстырғанда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылар саны 16,6%-ға өсіп, республика азаматтарының 5 399 320 құрады, олардың ішінде барлық салымшылардың/қатысушылардың жалпы санының 42,6% халықтың зейнетақы жинақтарын құрайтын және салымшылар үшін инвестициялық кіріс алу мақсатында оларды өзі дербес басқаратын " Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының" (бұдан былай - Қор) салымшылары болып табылады. Қордың клиенттері - салымшылары, олардың жеке кіріс деңгейіне қарамастан, Қазақстанның барлық өңірін және барлық әлеуметтік жіктерді қамтитын азаматтары болып табылады, яғни еңбек рыногының барлық сараланымын қамтиды. 2002 жылдың қорытындылары бойынша Қорда 2 299 416 жеке зейнетақы шоттары (2001 жылмен салыстырғанда 7,3%-ға артық) ашылып, оларға қызмет көрсетілді. Әкімшілік-аумақтық бөліністе салымшылардың ең көп үлес салмағы Алматы облысына (Алматы қаласын қоса алғанда) - 24,8%, Ақмола облысына (Астана қаласын қоса алғанда) - 14,4%, Шығыс Қазақстан облысына - 9,8% тиесілі (10-кесте).

10-кесте

**Әкімшілік-аумақтық бөліністегі салымшылар саны үлес салмағының серпіні**

| Облыс | 2001 жыл, % | 2002 жыл, % | Пайыздық тармақтардың өсуі/төмендеуі (+/-) |
|---|---|---|---|
| Ақмола | 10,6 | 14,4 | +3,8 |
| Ақтөбе | 4,1 | 4,3 | +0,2 |
| Алматы | 25,7 | 24,8 | -0,9 |
| Атырау | 3,4 | 3,3 | -0,1 |
| Шығыс Қазақстан | 10,2 | 9,8 | -0,4 |
| Жамбыл | 4,4 | 4,0 | -0,4 |
| Батыс Қазақстан | 3,5 | 3,6 | +0,1 |
| Қарағанды | 10,2 | 8,5 | -1,7 |
| Қызылорда | 2,3 | 2,3 | 0,0 |
| Қостанай | 5,9 | 5,5 | -0,4 |
| Маңғыстау | 1,9 | 1,7 | -0,2 |
| Павлодар | 5,6 | 5,3 | -0,3 |
| Солтүстік Қазақстан | 4,5 | 4,4 | -0,1 |
| Оңтүстік Қазақстан | 7,7 | 8,1 | +0,4 |

Гендерлі талдау жасау 2002 жылы 2001 жылдағыдай Қорда салымшы-еркектер салымшы-әйелдерден басымырақ болғанын көрсетеді. 2003 жылдың 1 қаңтарында еркектер саны 1 182 032 (салымшылардың жалпы санының 51,4%) және әйелдер саны 1 117 384 (48,6%) болды. Қордың 2001-2002 жылдардағы ақпараттық деректер базасының құрылымын талдау қалалық салымшылар деңгейінің селолық салымшылар деңгейінен артық екендігін көрсетті. 2003 жылғы 1 қаңтарда қалалық салымшылар саны 1 348 014 ( салымшылардың жалпы санының 58,6%) құраса, селолық салымшылар саны 951 402 (41,4%) құрады (11-кесте).

11-кесте

**Әкімшілік-аумақтық бөліністегі салымшылар, құрылымы**

(адам)

| Облыс | 2001 жыл | | 2002 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| | қалалық | селолық | қалалық | селолық |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Ақмола | 124 045 | 102 521 | 242 668 | 89 385 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ақтөбе | 50 498 | 38 905 | 55 669 | 42 226 |
| Алматы | 425 735 | 124 431 | 436 492 | 134 205 |
| Атырау | 39 573 | 33 380 | 41 811 | 33 215 |
| Шығыс Қазақстан | 141 237 | 76 522 | 143 426 | 81 309 |
| Жамбыл | 44 082 | 47 781 | 42 737 | 49 401 |
| Батыс Қазақстан | 35 032 | 42 211 | 35 262 | 48 607 |
| Қарағанды | 89 211 | 128 670 | 75 076 | 119 795 |
| Қызылорда | 23 277 | 26 213 | 23 145 | 28 655 |
| Қостанай | 64 195 | 61 207 | 61 749 | 64 890 |
| Маңғыстау | 32 869 | 8 726 | 30 986 | 8 848 |
| Павлодар | 36 764 | 83 399 | 36 769 | 85 724 |
| Солтүстік Қазақстан | 34 685 | 64 060 | 33 748 | 68 340 |
| Оңтүстік Қазақстан | 77 170 | 86 705 | 88 480 | 96 806 |
| Барлығы | 1 218 373 | 924 731 | 1 348 014 | 951 402 |

Салымшыларды 2003 жылғы 1 қаңтарға экономика саласы қимасында сыныптау бойынша салымшылардың негізгі үлесі депозитарийлік емес қаржылық корпорацияларда (сақтандыру, делдалдық, сенімгерлік мекемелер, банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және т.б.) - 41,9%, Қазақстан Республикасы Үкіметінде - 25,9% жұмыс істейді (12-кесте).

12-кесте

**Салымшылар санының экономика саласы қимасындағы үлес салмағының серпіні**

(пайыз)

| Атауы | 2001 жыл | 2002 жыл |
|---|---|---|
| Халықаралық ұйымдар | 0,0 | 0,0 |
| Үкімет | 45,7 | 25,9 |
| Өңірлік және жергілікті басқару органдары | 0,0 | 9,6 |
| Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқа елдердің орталық банктері | 0,1 | 0,1 |
| Ақша - депозитарийлік корпорациялар | 0,1 | 1,6 |
| Депозитарийлік емес қаржы корпорациялары | 31,1 | 41,9 |

| | | |
|---|---|---|
| Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар | 0,0 | 3,9 |
| Мемлекеттік емес қаржылық емес корпорациялар | 0,0 | 9,8 |
| Коммерциялық емес мекемелер | 0,0 | 0,4 |
| Үй шаруашылығы | 0,0 | 2,9 |
| Басқалары | 23,0 | 3,9 |

Қор салымшыларының басым көпшілігін 2001-2002 жылдарда тұрақты түрде 40,49, 30-39 жастағы азаматтар/салымшылар құрады (13-кесте).

13-кесте

**Жас шамасы қимасындағы салымшылар үлес салмағының серпіні**

(пайыз)

| Жас | 2001 жыл | | 2002 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| | еркектер | әйелдер | еркектер | әйелдер |
| <16-19 | 1,0 | 0,8 | 1,2 | 1,0 |
| 20-29 | 22,9 | 24,2 | 23,0 | 24,3 |
| 30-39 | 28,5 | 29,9 | 28,2 | 29,5 |
| 40-49 | 27,6 | 30,4 | 27,8 | 30,2 |
| 50-59 | 15,3 | 13,5 | 15,4 | 14,0 |
| 60->63 | 4,7 | 1,2 | 4,4 | 1,0 |
| Барлығы | 100,0 | 100,0 | 100,0 | 100,0 |

Талдаудан көрініп тұрғанындай Қордың салымшылары (клиенттері) Қазақстанның барлық облыстарының қалалары мен селоларында тұратын, экономиканың түрлі секторларында жұмыс жасайтын жынысы және жас шамасы әр түрлі топтағы азаматтардың спектрін құрайды.

Қор сан салалы жүйені пайдалана отырып, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатыспаған әлуетті салымшыларды тарту міндетін жүзеге асыру мақсатында барлық салымшыларды, сондай-ақ Қазақстан жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушы тұрғындардың барлық әлеуметтік жіктерін зейнетақы қызметтерімен бірдей қамтамасыз етуге мақсатты бағытталған жұмыстар жүргізіп жатыр.

## 3. 2001-2003 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметіне талдау

Қордың меншікті активтерінің жалпы көлемі 2002 жылда 31,5% көбейді және 2003 жылғы 1 қаңтарға 1 361 млн. теңгені құрады. Бұл орайда активтердің жалпы көлеміндегі өтімділігі жоғары активтердің үлес салмағы мерзім ішінде 80,9%-ға дейін немесе 5,0% өсті, ал кіріс әкелетін активтері (қаржылық инвестициялар) Қордың еркін меншікті қаражатын инвестициялау есебінен 78,5%-ға дейін немесе 37,3% өсті. Қордың міндеттерінің жалпы көлемі 2002 жылда 28,9% өсіп, 2003 жылғы 1 қаңтарға 339 млн. теңгені құрады. Міндеттемелердің негізгі көлемін 2002 жылы есептелген 253 млн. теңге мөлшеріндегі немесе міндеттемелердің жалпы сомасының 74,6% көлеміндегі дивидендтер құрайды. 2002 жыл бойына Қор орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерін, Қордың филиалы мен өкілдіктерін оңтайландыруға, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын төмендетуге және шығынды барынша азайтуға баса назар аударды . Соның нәтижесінде қаржылық тұрақтылық нығайып, 2002 жылды оң қаржы көрсеткішімен аяқтауға мүмкіндік берді.

Қордың меншікті капиталының көлемі 2002 жылғы бөлінбеген кіріс есебінен 32,9% көбейді және 2003 жылғы 1 қаңтарға сақтық капиталының 48,5% немесе 101 млн. теңгеге көбеюімен 1 021 млн. теңгені құрады.

Қордың кірісінің жалпы көлемі 2000 жылы 21,5% көбейіп, 1 230 млн. теңгені құрады: оның ішінде зейнетақы жарналарынан комиссиялық сыйақы түрінде алынған кіріс - 12,9%, зейнетақы жинақтары есебінен инвестициялау түрінде алынған кіріс - 82,8%, меншікті қаражаттар есебінен инвестициялық қызметтен кіріс - 3,8%, басқа да кіріс - 0,5% құрады. 2002 жылы зейнетақы жарналары есебінен инвестициялық қызметтен комиссиялық сыйақы түрінде түскен кіріс көлемі 3,2%-ке, зейнетақы жинақтары есебінен инвестициялық қызметтен комиссиялық сыйақы түрінде түскен кіріс 26,3%-ке өсті. Салымшылардың зейнетақы жинақтары жалпы көлемінің өсуінен және тиісінше инвестициялау көлемінің көбеюімен бірге айтарлықтай өсім қаржы рыноктарында осы мерзім ішінде қолайлы жағдаятты бағаның қалыптасуына орай 2002 жылдың бірінші жартысында Қордың инвестициялар қоржынындағы базалық активтер пакетінің сатылуымен қатар, сыртқы рыноктағы сауда операцияларының тиімділігіне де қатысты болды. Қордың меншікті қаражаттары есебінен инвестициялау қызметінің комиссиялық сыйақысы түріндегі кіріс көлемі 6,8% өсті. Аталған өсім ағымдағы шығындарды шегергенде комиссиялық сыйақы сомаларының келіп түсу есебінен Қордың меншікті активтері өсімінің ай сайынғы серпінінің сақталуымен, сондай-ақ еркін ақшаларды өтімділігі жоғары қаржы құралдарына одан әрі инвестициялаумен сипатталады.

Қор шығынының жалпы көлемі 17,2% өсіп, 2002 жылы 497 млн. теңгені құрады, оның ішінде қызметкерлерге еңбек ақы төлеу шығыны 29,6%, еңбек ақыдан аудару - 5,4%, негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес

активтердің өтелімі - 7,6%, негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді жөндеу және оларға қызмет көрсету - 1,2%, байланыс қызметтері - 10,3%, консультациялық (аудиторлық) және ақпараттық қызметтер - 7,6%, банк қызметтері - 12,9%, жалдау шығыны - 1,6%, басқаша шығындар - 18,5% құрады. 2002 жылы қызметкерлерге ақы төлеу шығынының көбеюі (38,7%) штат санының және қызметкерлердің лауазымдық жалақыларының өсуімен де байланысты. Шығынның көрсетілген бабы еңбек ақыдан ұсталатын аударым жарнасы бойынша шығынның өсуіне әсер етті. Осы мерзім ішінде негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің өтеліміне кеткен шығын көлемінің өсуі (15,2%) Қордың негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерге салған салымының көбеюіне, байланыс қызметтеріндегі шығынның ұлғаюы (21,4%) хабарламаларды жеткізу қызметі мен коммуникация қызметі көлемінің артуына байланысты. Консультациялық (аудиторлық) және ақпараттық қызметтер шығыны көлемінің артуы (58,3%), халық арасында зейнетақы реформасы туралы түсіндірме науқанын жүргізу аясында ақпараттар беру шығыны, сондай-ақ "REUTERS" ақпараттық жүйесі бойынша шығынның өсуімен байланысты. 2002 жылы банк қызметтеріне жіберілген шығынның азайғандығына (2001 жылмен салыстырғанда - 7,2%) қарамастан, бұл бап шығындардың жалпы сомасында айтарлықтай үлесін сақтап отыр. Басқа шығындар 24,3%-ке артты.

Қордың таза кірісі 2001 жылғы деректермен салыстырғанда 22,2% өсті және 506 млн. теңге құрады, тиісінше корпоративтік табыс салығы 30,5%-ке өсіп, 227 млн. теңгені, ал есептелген дивидендтер 22,2%-ке өсіп, 253 млн. теңгені құрады.

2003 жыл ішіндегі болжалды нәтижелер.

2003 жылы Қордың кірісі 1 341 млн. теңге деңгейінде (2002 жылғы нәтижелермен салыстырғанда 9,0% артық) болжанып отыр. Бұдан басқа, 2003 жылғы алдын-ала нәтижелер бойынша 2003 жылға бекітілген сметада қарастырылған кірістердің артуы, шығыстардың кемуі және 2002 жылмен салыстырғанда таза табыстың артуы болжанып отыр.

Кірістерді болжауда төмендегі топшыламалар есепке алынды:

1) Республика экономикасының өсуі және 2001 - 2002 жылдар ішінде мемлекеттік бюджет тапшылығының төмендеуі мемлекет тарапынан іштей қарызға алу көлемінің азаюына және қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша пайыздық табыстылық ставканың және тиісінше рыноктық пайыздық ставканың төмендеуіне, ол өз нәтижесінде жылдық 9,5-10% деңгейіне жетіп, барлық зейнетақы қорларының инвестициялық қоржынының ішкі кірісінің төмендеуіне әкелді. Сонымен қатар, бағам айырмасынан инвестициялық кіріс есебінде зейнетақы активтері өсім қарқынының төмендеуіне әкелген халықаралық және ішкі қаржы рыноктарының валюталық секторларында көрініс

алған 2002 жылдың аяғы мен 2003 жылдың басындағы ахуал да барынша әсер етті. Қазіргі инвестициялық мерзім ішінде республиканың жинақтаушы зейнетақы қорларының көпшілігі өз инвестициялар қоржынындағы, орташа алғанда үлес салмағы 75% шетелдік валютада аталған қаржы активтерінің ағымдағы құнын қайта есептеу кезінде айтарлықтай бағам зиянын шекті;

2) Комиссиялық сыйақыны есептеу және өндіріп алудың жаңа үлгісі Қордан Қазақстанда және әлемде қаржы құралдарына кірістіліктің жалпы төмендеуі жағдайында, зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының инвестициялау нәтижелерінен барынша тәуелді болуы, сондай-ақ бағам айырмасынан залалға қалу қатерінің болуы себепті, өз қызметінен алынатын кірісті жоспарлау кезінде сақтанымпаз көзқарасты талап етті;

3) Әртараптандыру міндеттемелерінің нормаларын жоспарлы өзгерту болашақта Қордың инвестициялық қоржынын барынша тұрақтандырып, инвестициялық қатерді төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте Қордың мамандары жүзеге асырған бағалаулар көрсеткішіндегі инвестициялар себетін қайта құрылымдау және зейнетақы активтерінің бір бөлігін ішкі және сыртқы қаржы рыноктарының корпоративтік секторының қаржы құралдарында қолданыстағы рыноктық ставка бойынша орналастыру кезінде тиімді кірістілік жылдық 8,35-8,75%-ке дейін аздап өседі. Ол 10% әртараптандыру нормаларына дейін үш айдан көп артық болмайтындай уақытқа депозитке орналастыру мерзімімен екінші деңгейдегі қазақстандық банктерде орналастырылған ( орналастыру кезінде орташа тиімді кірістілік жылдық 15% құрады) депозиттердің инвестициялар қоржынындағы үлес салмағының бір мезгілде 20% төмендеуіне және бұл зейнетақы активтерінің жылдық 6,8 - 7,3% рыноктық кірістілігі бар қаржы құралдарына қайта инвестициялануына байланысты.

Қор кірісінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін негізгі факторларға мыналар жатады:

*Негізгі қызметтен түскен кіріс*

- ішкі, сондай-ақ сыртқы бағалы қағаздар рыноктарында сақталған пайыздық ставкалар мен индекстердің төмендеу серпіні бойынша қаржы рыноктарындағы жалпы тенденциялар;
- Қордың салымшыларды тарту жұмысында "жанама қор" мәртебесін жоғалтуы;
- "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізуге байланысты жинақтаушы зейнетақы қорларында комиссиялық сыйақы есептеудің жаңа әдісі және Қордың зейнетақы активтерін инвестициялауды әртараптандыруды кеңейту;

- басқа жинақтаушы зейнетақы қорлары тарапынан бәсекелестік және маркетингтік жұмыстарды күшейту.

Негізгі қызметтен алынған кіріс көлемін есептеу кезінде мына болжамды мәндер мен жорамалдар қабылданды: зейнетақы активтерінің орташа айлық келіп түсу сомалары - 1 400 - 1 600 млн. теңге, зейнетақы жинақтарын төлеудің орташа айлық деңгейі 800 - 900 млн. теңге мөлшерінде жоспарланады, зейнетақы активтерін инвестициялаудың орташа айлық өсім мөлшері - 400 - 600 млн. теңге. Зейнетақы заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес комиссиялық сыйақы мөлшерін есептеудің жаңа тәртібі - қаржы құралдарына инвестицияланған зейнетақы активтерінің сомасынан және есепке алынған инвестициялық кірістен есептеу тәртібі қарастырылған. Осыған байланысты Қор комиссиялық сыйақы есептеудің ең сақтанымпаз деңгейін қарастырады: қаржы құралдарына инвестицияланған зейнетақы активтері сомасының мөлшерінен - 0,02%, есептелген инвестициялық кіріс мөлшерінен - 15%. Жүзеге асырылған есептесулердің нәтижесінде зейнетақы активтерін 84 400 млн. теңге мөлшеріндегі қаржы құралдарына инвестициялау жоспарланады. Негізгі қызметтен (зейнетақы активтерінің кірісі мен инвестициялық кіріс) түсетін жалпы кіріс сомасы 1 267 млн. теңге мөлшерінде жоспарланады немесе ол 2002 жылғы осындай көрсеткіштен 7,6% артық.

*Қосымша қызметтен түскен кіріс*

800-900 млн. теңге мөлшерінде Қордың меншікті қаражаттарының орташа жылдық көлемін орналастыру болжанады, оның ішінде 2003 жылдың басында 1 050 млн. теңгедей құраған инвестициялар көлемі, банктегі есепшоттардағы еркін қаражат қалдығы, 2003 жылы түседі деп жоспарланған мөлшері 1 267 млн. теңге комиссиялық сыйақы, 2002 жылдың қорытындылары бойынша 2003 жылдың 1 тоқсанында төленетін дивидендтер мен корпоративтік табыс салығы, сондай-ақ 2003 жылы қарастырылған салық төлемін қоса алғанда, әкімшілік-шаруашылық шығыстары есепке алынады. Активтердің жоспарланған өсімі орташа жылдық кірістілік деңгейі теңгемен жылдық 5,2-5,4% немесе меншікті қаражаттарды инвестициялаудан 74 млн. теңге мөлшерінде алынатын кіріспен 2003 жыл бойына қаржы құралдарына инвестицияланатын болады.

2003 жылы Қордың жалпы шығыс сомасы 644,88 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, ол тиісінше 2002 жылғы көрсеткіштен 29,7% артық (1-қосымша). Кассалық аударымдардың қорытындысы бойынша 700 млн. теңге деңгейінде шығыс болмақ (4-қосымша). Қор шығысының көбеюі қызметкерлерге еңбек ақы төлеу шығысының өсуімен, негізгі құрал-жабдықтардың тозуымен, материалдық емес активтердің өтелімі, негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтерді жөндеу мен оларға қызмет көрсету, коммуналдық шығыстар, өкілдіктер шығысы, қызметкерлердің біліктілігін көтеру шығысы, кеңселік және

баспа жұмыстарына байланысты қызметтер шығысы, күзет шығыстары, банктің көрсеткен қызметі үшін шығыстар, жалгерлік және басқа да шығыстармен байланысты.

Тұтас алғанда, Қор қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу (еңбек ақы және сыйақы қоры) шығындар сомасы 218 млн. теңгені құрайды, соның ішінде: штаттық қызметкерлер бойынша - 210 млн. теңге, тартылған қызметкерлер (агенттер) бойынша - 8 млн. теңге. Еңбек ақы бойынша шығыстың жалпы сомасы 2002 жылмен салыстырғанда 70,9 млн. теңге немесе 48,2%-ды құрайды. Көбею:

1) 2003 жылы "Еңбек ақы қоры" бабына штаттық қызметкерлерге төленетін ақымен қоса, қосымша 8 млн. теңге сомасында, тартылған қызметкерлерге ( агенттерге) төленетін ақының кіргізілуімен;

2) 6% инфляция есепке алына отырып, нақты жалақының өсуімен, сондай-ақ инвестициялық басқару, тәуекелділікті басқару, зейнетақы активтерін есепке алу бойынша рынокта еңбегі үшін жалақыны МЖЗҚ қызметкерлерінен артық алатын білікті мамандардың жұмыстан кетуін тоқтату мақсатымен;

3) төмендегі қызмет бағыттары бойынша: зейнетақы және меншікті активтерді инвестициялық басқару, техникалық және технологиялық дамуды қамтамасыз ету; салымшыларға көрсетілетін қызмет көлемін қалыптастыру, ұқсас қаржы институттары қызметінің халықаралық практикасын талдау және Қордың қызметіне қатысушылардың тәуекеліне талдауды ескере отырып, халықаралық кеңесшілер (соның ішінде, ПРАГМА корпорациясы) жасаған қорытындылар негізінде, сондай-ақ инвестициялық қызметтің (зейнетақы активтерін мемлекеттік емес бағалы қағаздарға инвестициялау, зейнетақы активтерін нарықтық қайта бағалауға көшу) шарттарын өзгерту бөлігінде Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, Қор қызметінде жаңа бағыттардың пайда болуына, бағдарламалық-техникалық дамудың, Қордың технологиялық және маркетингтік саясатын, зейнетақы жинақтарын (график бойынша) алушыларға зейнетақы төлеу жағдайларын, Қор тәуекелін басқаруды дамыту қажеттігіне байланысты даму бойынша штат санын 22 бірлікке көбейтумен ерекшеленеді.

Қызметкерлерге еңбек ақы тиеу шығысының ұлғаюымен байланысты еңбек ақыдан аударылатын төлемдерге (әлеуметтік салық) байланысты тиісті шығыс көлемінің өсуі.

Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстардың артуы компьютерлік және ұйымдық техникалар паркін жаңарту қажеттілігіне сай Қордың операциялық және инвестициялық қызметінің шешуші процестерін автоматтандыру мақсатында жоспарланған негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алу ескеріле отырып, серверлерді (резервтік орталық құруға орай) сатып алу қажеттілігіне байланысты

болып отыр.

Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді жөндеу және оларға қызмет көрсету шығыстары сомалардың "Коммуналдық шығыстар" бабынан электрлік жүйелерді жөндеуге бөлінуі және нақты жүргізілген шығыстарға: автокөліктерді, кондиционерлерді жөндеу, дизелді генератор қызметін қамтамасыз ету шығыстарының көбеюі есебінен ұлғаяды.

Коммуналдық шығыстардың жалпы сомасы 3,28 млн.теңгені құрайды (2002 жылмен салыстырғанда, 4,5% артық) және оның құрамына ғимараттарды жалгерлікке алу турасында жасалған келісім-шарттың шарттарына сәйкес коммуналдық қызметтерді өтеу бөлігінде есептелген Орталық аппарат, Астана қаласындағы филиал, өңірлік өкілдіктер бойынша коммуналдық қызметтер кіреді. Тарифтердің артуына байланысты Қордың Астана қаласындағы филиалына тиесілі аймақты тазалау бойынша көрсетілетін коммуналдық қызметке ақы төлеу шығысы және орталық аппарат бойынша электр энергиясының шығыстары да көбейді.

Өкілдік шығыстар 2003 жылы 17 мың теңге сомасында жоспарланды. Аталған баптың 7 мың теңгеге ұлғаюы:

- халықаралық қаржы ұйымдары мен институттарынан делегациялардың келуіне;
- ИСО 9001:2000 халықаралық стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша консалтингтік ұйымдар өкілдерінің іссапарларына;
- кейін екінші жарты жылдықта қадағалау аудитін жүргізе отырып, ИСО ( Тіркеуші) сертификаттау жөніндегі халықаралық орган аккредиттеген ИСО 9001: 2000 халықаралық стандарттарына сәйкестендіруге байланысты болып отыр.

Қызметкерлердің біліктілігін арттыру (оқыту) шығыстары 7 млн. теңгені құрайды және:

1) заң бойынша талап етілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің біліктілік куәліктерін алу үшін делдалдық-дилерлік қызмет және бағалы қағаздар қоржынын басқару бойынша мамандар оқытумен, сондай-ақ "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге сәйкес қызмет атқару үшін қажетті жаңа жұмыс бағыттары бойынша;
2) заңдардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті лицензиялау ережелеріне қатысты талаптарын сақтау мақсатында, қоржынды тиімді басқаруды және Қордың инвестициялық ресурстарын орналастыруды арттыру мақсатында, корпоративтік бағалы қағаздардың есебін және басқару менеджментін оқытуды талап ететін

диверсификациалық үлгіні өзгерту, сондай-ақ Қордың инвестициялық қоржынындағы қаржы құралдарын есептеу және талдау үлгісін жетілдіру үшін оқытуға;

3) Қордың шешуші және арнаулы бөлімшелеріндегі қызметкерлердің өзара алмастырушылық талаптарына;

4) қаржы рыногында инвестициялық мәмілелердің қарқындылығы мен кірістілігін арттыруға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелерді қолдануға, технологиялық процестерді оңтайландыруға, Қор қызметінің ақпараттық қауіпсіздігін және тәуекелділікті басқару деңгейін арттыруға байланысты.

Кеңсе шығыстарының өсуі Қордың штаттық санының қажетті түрде артуына байланысты, сома 1 адамға шаққандағы жоспарлы тұтыным және 2002 жылғы ұқсас шығыстарды талдау негізінде есептелген.

Телефон байланысы қызметтерінің, коммуникация және хабарламалар мен корреспонденцияларды жеткізу шығыстарына байланысты байланыс қызметтерінің шығысы 75,3 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған. Бұл көбею Қорға көрсетілетін байланыс қызметі көлемінің болжамды өсімімен, салымшылар үшін Web-site ашумен және интернет-технологияларын енгізу дайындықтарымен байланысты.

Күзет шығыстарының өсімі Қордың орталық аппарат ғимаратын, Астана қаласындағы филиалының ғимаратын және өңірлік өкілдіктер (Солтүстік Қазақстан мен Қызылорда) ғимараттарын күзету шығыстарын көздейді. Үй-жайларды күзету шығыстары жасалған шарттардың талаптарына сәйкес осы қызметтердің құнына орай есептелінеді.

Кастодиан-банк көрсететін қызметтер бойынша банк қызметтері шығыстарының өсуі "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістердің күшіне енуіне сәйкес мемлекеттік емес ұйымдар шығарған бағалы қағаздарға зейнетақы активтерін инвестициялау шығыстарының көбеюімен байланысты болды.

Жалгерлік бойынша шығыстың өсуі операциялық залдар мен мұрағат үшін қосымша ғимараттарды жалға алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір облыс орталықтарындағы өңірлік өкілдіктер жалдап отырған ғимараттарды алмастыруға байланысты жалгерлік шығынның болжамды өзгеруін есепке ала отырып жоспарланды. Бұл жалдау жағдайының өзгеруімен, кейбір өңірлерде бұрынғы жалға берушілердің ғимараттарды жалға беруден бас тартуымен, сондай-ақ салымшыларға қызмет көрсетуді қамсыздандыру үшін өкілдіктердің орналасқан жерін жақсартумен ерекшеленеді.

Басқа шығыстар мынадай шығыстарға сай артты:

- жасалған келісім-шарттарға сәйкес бағдарламалық өнімдерді қолдау, Ұлттық Банкінің "МЖЗҚ" ЖАҚ-тың есептеу жүйесі серверлерін жаңғырту туралы" ұсыныс хатына сәйкес көзделген бағдарламалық қамтамасыз етуді кешенді талдау ақысы;

- салымшыларды құлақтандыру науқанын жүргізу, облыс орталықтарынан тыс жерлерде тұратын 10% зейнетақы жарналарын төлеушілермен ақпараттық және практикалық жұмыстарды жүргізу бағдарламасын қаржыландыру мақсатында заңды тұлға - агенттердің қызметтеріне төленетін ақы төлеу;

- өңірлік өкілдіктерде - олардың орналасқан жерлерінің өзгеруіне сай үй-жайлардың қайта жабдықталуын жоспарлаумен байланысты, операциялық залдар мен Орталық аппарат үй-жайларында жергілікті желіні құрастыру жөніндегі шығыстар;

- астана әкімшілігінің талабы бойынша Астана қаласындағы филиал ғимаратын мейрам күндеріне міндетті түрде безендіру (плакаттар, жарықтандыру және т.б.) шығыстары да қарастырылған. 2002 жылы мұндай шығыстар қарастырылмаған болатын.

Жалпы кіріс және шығыс көлемдеріне қатысты 2003 жылға жоспарланған көрсеткіштерге сәйкес Қордың 2003 жылғы таза кірісі 488 млн. теңгені құрауы мүмкін, ол 2002 жылғы салыстырмалы көрсеткіштен 3,6% кем. Бұл орайда консервативті бағалаулар аясында корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 209 млн. теңгеге дейін - 18,0 млн. теңгеге немесе 7,9% азаяды деп жоспарланды. Дивидендтер көлемі 244 млн. теңгені құрайды.

## 4. 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары

### 4.1. Мақсаттары мен міндеттері (стратегиялық және 2004 жылға арналған)

Қордың кәсіби менеджменті бар, халықтың барлық әлеуметтік жіктері мен Қазақстан Республикасының барлық өңірі үшін бірдей жоғары сапалы және қол жетімді зейнетақы қызметтерін ұсынатын орнықты қаржылық институт ретінде қалыптасуы стратегиялық мақсаты болып табылады.

2004 жылы алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін Қор төмендегі міндеттерді шешуді:

1. салымшылардың талғамына сәйкес келетін және олардың болжалынан асып түсетін менеджмент пен қызмет сапасының халықаралық стандартын енгізу мен пайдалануды;
2. салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарын сақтау мен өсіру мүддесіне сай зейнетақы активтерін тиімді инвестициялық басқаруды қамтамасыз етуді;

3. Қор жұмысының қаржылық тұрақтылығын қамсыздандыру және салымшылардың зейнетақы жинақтарын сақтау мақсатында тәуекелділікті басқару жүйесін дайындау мен енгізуді;
4. Қордың қалыптасқан салымшыларымен олардың зейнетақы заңдары бойынша өз құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін арттыруды, сондай-ақ тұрғындар үшін Қор қызметінің ашықтығын және айқындығын қамтамасыз ету мақсатында олармен ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын күшейтуді;
5. жүйе арқылы өңірлерде өңірлік өкілдіктердің, филиалдардың (Алматы қаласында филиал құруды қоса алғанда), агенттік пункттердің және жеке тұлға-агенттердің жұмысын арттыра отырып, тұрғындар үшін зейнетақы қызметтерінің қол жеткізу мүмкіндігін және оның сапасын арттырудан тұратын өңірлік саясатты одан әрі белсенді дамытуды;
6. бәсекелі орта жағдайларында Қордың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және көрсетілетін зейнетақы қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында Қорда маркетингтік бөлімшесін құра отырып, маркетингтік жұмысты күшейтуді;
7. салымшыларға арналған ақпараттық материалдардың саны мен сапасын арттыруды;
8. салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтар есебінің сенімділігін қамтамасыз ету және зейнетақы қызметтерін жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып көрсету мақсатында негізгі бизнес-процессорларды автоматтандырып, Қордың бағдарламалық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуін жаңғырту жөнінде басталған жұмысты аяқтауды жоспарлайды;

Бұл шараларды іске асыру Қор жұмысының жоспарлы көрсеткіштерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### 4.2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау

Халықаралық сапа стандарттарын енгізу және пайдалану

Алға қойылған міндеттерде негізгі төрт кезеңде іске асыру жоспарланады:

1. Еңбек тиімділігін және бәсекеге жарамдылықты арттыру үшін 2004 жылы ИСО 9001-2000 халықаралық стандартына сәйкес сапа менеджмент жүйесін енгізу жоспарланады;
2. Енгізілген сапа менеджмент жүйесін ИСО 9001-2000 стандарт талаптарына сәйкес келетін жоғары деңгейде қолдау;
3. Қызметкерлердің жұмысқа кәсіби дайындығын менеджмент әзірлеген сапа

жүйесіне сәйкес жүзеге асыру;

4. Салымшының Қордың қаржылық орнықтылығын және оның тұрақты табыс беретін қазіргі заманға сай сапалы қызмет көрсету мүмкіндіктеріне деген сеніміне ие болып, оны тұрақты сақтап қалу арқылы Қордың рыноктық бәсекеге жарамдылығын сақтау және жетілдіру.

Мамандарды (аудитті қоса алғанда) оқытудың және ИСО 9001-2000 енгізудің жалпы құны қол қойылған шартқа сәйкес 620 мың теңгені құрады. Сертификат беруші органдарда сертификаттауға жіберілетін жобалы шығын 805 - 966 мың теңге деңгейін құрайды және ол 2004 жылдың басында жүргізілуі мүмкін. Сертификаттаушы органның халықаралық сапа стандартына сәйкес келетіндігін бақылау мерзімі үш жылға созылады, ал оны тексеру жылына бір реттен кем болмайды. Сапаны енгізу процесінде басшылық ету үшін оқып шыққан қызметкерлер арасынан жобаның басшысы тағайындалады және басшының тікелей қатынасуымен және бақылауымен алға қойылған мақсат - ИСО 9001-2000 халықаралық сапа стандартына қол жеткізу үшін тұрақты жұмыс жүргізіледі.

**Инвестициялық басқару тиімділігін қамтамасыз ету**

Негізгі стратегиялық мақсат - инвестициялық қауіпті барынша азайту және инвестициялар қоржынын оңтайландыру жолымен тұрақты кірістілік алу, яғни қоржынның сапалық сипаттамаларын - ұзақ мерзімді перспективада әрбір аталған уақыт сәтінің тиімді мерзімділігі мен кірістілігін жетілдіру талаптарына жауап беретін оңтайландырылған, тиімді қоржын қалыптастыру.

Мақсатқа қол жеткізудегі міндет - салымшылардың қажеттілігін қанағаттандыру және зейнетақы қызметтері мен инвестициялық басқару қызметінің сапасын арттыру үшін Қордың барлық бөлімшелерінің жұмысын жақсарту сияқты Қор қызметінің ішкі уәждемесінен бастау ала отырып, тұтас алғанда Қордың сапа стандарты жүйесін дайындап енгізу. Аталған мақсатты жүзеге асырудың бір кезеңі ретінде халықаралық стандарттау ұйымының сертификатын - ИСО 9001 алу жоспарланады.

Зейнетақы қызметтері рыногында Қор және оның қызметкерлері өз салымшыларына әрдайым 100% қанағаттандырарлық қызмет көрсетуге ұмтылуы қажет. Бұл мақсаттар:

- салымшылардың мұқтаждары мен талаптарын толықтай ұғыну;
- Қордың сапалы және қатесіз жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі жалпы бағдарламасына енгізе отырып, салымшыларға көрсетілетін жұмыс көлемін мұқият жоспарлау;
- бағдарламамен көзделген барлық жұмыстарды тек межеленген жоспар бойынша орындау;
- көрсетілетін қызмет сапасына әсер етуші барлық

бизнес-процестерін жақсарту;
- жұмыс жасау және қызмет көрсету кезінде көп уақыт пен шығынға әкеп соғатын қажетсіз жұмыс процестерінің қайталануын болдырмау арқылы орындалады.

Қордың инвестициялық мақсаттарын нысандандырылған сапа жүйесінің элементі ретінде тұжырымдау:
- инвестициялық қызмет нәтижелерінің бірыңғай критерийінің болуын, атап айтқанда белгілі бір уақыт ішінде бөлінген инвестициялар қоржыны тудыратын болашақтағы түсім мөлшері мен осы уақыт межелдемесі ішіндегі салымшылар алдындағы Қордың міндеттерінің сәйкес келуін топшылайды;
- бұл критерийдің сандық мәнін анықтау үшін Қордың ағымдағы және болашақ пассивтерін есептеудің нысандандырылған рәсімдері және оның тиісті нормативтік құжаттарда бекітілген ағымдағы және болашақ активтерінің рыноктың бағамы қажет;
- бұл рәсімдердің жүзеге асырылуын және инвестициялық қызметтің негізгі критерийіне қол жеткізу деңгейінің сақталуын басшылық тарапынан бақылауды;
- бірыңғай критерийдің сандық мәнін бағалайтын, орындау үшін тиісті құрылымдық бөлімшеге жіберілетін, инвестициялық қызметтің нәтижелерінен бастау ала отырып, кейінгі мерзімдерге инвестициялық саясат бойынша басшылық нысандандырған декларацияны топшылайды.

Инвестициялық шешімдерді дайындау, қабылдау және оның орындалуын бақылау процесін стандарттау:
- инвестициялық стратегияларға және инвестициялық қоржынның мән-жайына талдау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің болуын;
- қабылданған инвестициялық стратегияға сәйкес инвестициялық шешім қабылдауға жауапты алқалы органның болуын;
- инвестициялық қоржынның мән-жайын талдайтын стандартты рәсімдердің болуын және оның нәтижелерін инвестициялық комитеттің мүшелеріне құжат түрінде ұсынуын;
- қаржы рыноктарының мән-жайын талдайтын стандартты рәсімдердің болуын және оның нәтижелерін инвестициялық бөлімшелерге құжат түрінде жедел тапсыруын;
- қоржын мен рыноктарды талдаудың нәтижелері негізінде дайындалған инвестициялық стратегияның талқылау үшін инвестициялық комитетке құжат түрінде ұсынылуын;

- Қордың инвестициялық бөлімшелерінің ұсынысы негізінде инвестициялық комитеттің инвестициялық шешім қабылдауын және оның қаржы рыноктарында мәміле жасау хаттамасы және ұсынысы ретінде құжатталып, ресімделуін;
- бағалы қағаздармен мәміле жасау тапсырмаларын ресімдеу және оларды инвестициялық бөлімшелерден мәміле жасаушы бөлімшелерге ұсынудың стандартты ресімдерінің болуын;
- мәміле жасау және олардың тиімділігін, жасасылған және орындалған өтінімдер бойынша журнал жүргізілуін, сондай-ақ орындалмаған тапсырмалар журналының жүргізілуін бақылаудың стандартты рәсімдерінің болуын;
- қаржы құралдары қиылымында инвестициялар қоржынын есепке алудың стандартты рәсімдерінің болуын;
- ішкі, сыртқы және халықаралық рыноктардағы бағалы қағаздармен мәмілелерді салыстырып тексеру және растау жүйесінің бір үлгіге келтірілуін;
- инвестициялар қоржынында есепке алынған әр түрлі шоттардағы бағалы қағаздар және ақша қозғалысы, оларды есепке алу рәсімдерінің бір үлгіге келтірілуін;
- талдауға және инвестициялар қоржынын есепке алуға қатысты үдерістерді автоматтандыру және бағдарламалық қамтамасыз етуді, бар бағдарламалық өнімдерді жетілдіруді;
- инвестициялар қоржынындағы қаржы құралдары есебін рыноктық тұрғыдан бағалауды енгізуді, оларды әділ нарықтық құн бойынша бағалауды және қайта бағалауды;
- қаржы құралдарын инвестициялар қоржыны санатына жатқызу критерийлерін және әр түрлі қоржындардағы инвестициялар есебін анықтауды және бір үлгіге келтіруді қамтиды.

Жоғарыда аталған процестер 2003 жылдан бастап жүйелендіру, қайта қарау және бұрынғы процестерге жаңа талдамалар енгізу жолымен дайындалып, енгізілуі қажет. Қордың активтерін басқарудың барлық сатыларын: инвестициялық шешім қабылдау үшін ақпараттар жинау, оларды талдау және өңдеуден бастап қаржы құралдарын сатып алу, оларды бағалы қағаздар қоржынына салу және салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына инвестициялық кіріс есептеу сияқты түпкілікті қорытындыға дейінгі әр нақты үдерісті орындаудың әрбір қадамын және жүйелілігін қамтитын технологиялық карта - жұмыс нұсқаулықтарын дайындау қажет.

Қор зейнетақы активтері қоржынындағы елеулі капитал айналымы кезінде актив қаупінің ең төмен деңгейін анықтаған 2002 жылғы позицияны сақтап

қалуға тырысады. Сондықтан инвестициялық саясат зейнетақы активтерін жоғары рейтингті бағалы қағаздарға орналастыру артықшылығын сақтап қалады деп жоспарланады. Бұл орайда зейнетақы активтерінің кірістілігі төмен болмауы үшін Қор 2004-2006 жылдары сыртқы рынокты да қоса алғанда ішкі қаржы рыногындағы инвестициялар қоржыны айналымын көбейтумен қатар, өз операцияларын да ұлғайтатын болады. Қор активтерді басқаруда зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша заңмен белгіленген нормалар мен шектеулерді және ең төмен қоржын қаупі жөніндегі талаптарды сақтай отырып, қаржы рыноктарының әр түрлі индикаторлары қозғалысынан ең жоғары пайда алуға мүмкіндік беретін белсенді басқару позициясына сүйенетін болады.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес белсенді инвестициялау саясатын жүргізу, ағымдағы қызмет шарттарында барынша мүмкін кірістілік нормалары бар және қауіптің төменгі деңгейі сақталған инвестициялық қоржынның оңтайлы құрылымын қалыптастыру, төмендегідей деңгейдегі әртараптандыру үлгісіне көшу жоспарланады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары - 35%-дан төмен емес;
- жергілікті атқарушы органдар шығарған Қазақтан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары - 5%-дән көп емес;
- шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары - 30%-дан көп емес;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердегі салымдарды екінші деңгейдегі банктер шығарған депозиттік сертификаттарға (депозиттерге) - 10%-дан көп емес;
- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-тың ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялары - 10%-дан көп емес;
- Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған, "А" санаты бойынша сауда ұйымдастырушыларының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялардан басқа мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары - 50%-дан көп емес;
- "Қазақстан даму банкі" ЖАҚ-тың облигациялары - 10%-дан көп емес.

Сондай-ақ:

- ағымдағы қызмет шарттарында барынша мүмкін кірістілік нормалары бар және қауіптің төменгі деңгейі сақталған инвестициялық қоржынның оңтайлы құрылымын одан әрі қалыптастыру;
- зейнетақы активтері инвестицияларының ағымдағы көлемін қайта бөлу жолымен қоржынның ішіндегі теңгеру есебінен

эмитент қаупін және пайыздық ставканы төмендетіп, сондай-ақ бір қаржы құралын екінші қаржы құралына қайта орналастыру арқылы оның үлес салмағын азайтатын негізгі стратегиялық инвестициялық желіні жүргізу;

- жалпы зейнетақы қоржыны құрылымында қоржынның жеткілікті қысқа мерзімді өтімділігі деңгейін қамтамасыз ету, сондай-ақ ағымдағы міндеттерді жылдам орындау барысында қаржы рыноктарындағы залалсыз операциялар есебінен жабу үшін қысқа мерзімді инвестициялар қоржынын бөлу жоспарланады.

Өзгермелі ахуалды және 2004-2006 жылдардағы қаржы рыноктарының даму перспективаларын есепке ала отырып, Қордың жоғары пайдалылығын, оның абсолюттік өтімділігін қолдау мақсатында сыртқы сауда айналымын жетілдіру және зейнетақы активтерін экономикалы негізде инвестициялық басқару тарапында оңтайландыру жоспарда бар. Қор бұл үшін 2003 жылдан бастап халықаралық сапа стандартына сәйкес құрылымдық бөлімшелерді оңтайландыруды, REUTERS, BLOOMBERG және басқа агенттіктер сияқты алдыңғы қатарлы технологияларды енгізу жұмыстарын жалғастыруды жоспарлайды. Алдыңғы қатарлы жаңа технологияларды енгізу арқылы Қордың инвестициялық қызметімен қатар барлық қаржы қызметінің тәуекелін басқаруға барынша көңіл бөлінетін болады.

Тұтқалы параметрлер болжамында Қордың алдағы уақытта күтілетін нәтижелері турасында байқампаз оптимизм орын алған. 2004-2006 жылдардағы Қордың қызметіне болжамда мынадай жорамалдар бар. Қазақстан Республикасында ахуал тұрақталған сайын Қордың заңмен рұқсат етілген қоржыны бойынша инвестициялық кіріс төмендей түседі, өйткені онымен бірге инфляция төмендейді, әртараптандыру деңгейі төмендейді, бағалы қағаздар бойынша пайыздық сыйақы ставкалары да төмендейді, мұның бәрі бірігіп Қордың инвестициялық кірісіне әсер етеді. Мысалға мына фактіні келтіруге болады: Қордың зейнетақы активтерінің негізгі бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылады, олардың кірістілігі бір жылдан сәл аса уақыт ішінде екі есеге жуық төмендеп, қысқа мерзімді бағалы қағаздар бойынша жылдық 5%, ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша жылдық 8,3% деңгейіне жетті, бұл кейбір жағдайларда инфляция деңгейімен салыстырмалы немесе одан төмен. Инвестициялау шарттарының өзгеруіне байланысты 2003 жылы Қор зейнетақы активтерін корпоративтік бағалы қағаздарға орналастыруды қарастыратын жалпы әртараптандыру үлгісіне көшеді, ол қоржынның кірістілігін көбейтеді, соның нәтижесінде Қордың кірісі де көбейеді.

**Өңірлік саясаттың дамуы**

Қордың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартылмаған салымшыларды қоса алғанда, қалыптасқан және әлуетті салымшылармен жұмыстағы 2004-2006 жылдарға арналған негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі болып қалалық және ауылдық салымшыларды тарту, оларға қызмет көрсету сапасын арттыру, мүмкіндіктер кеңейтуден тұратын тиісті ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүзеге асыра отырып, өңірлік өкілдіктерді, филиалды, агенттік пункттер мен агенттер желісін дамыту өңірлік саясаты табылады.

Келтірілген стратегиялық мақсаттардың бірін назарға ала отырып, Қор өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарына Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы жүйесі, Қордың қызметі мен оның ролі туралы жариялау, газет баспаларында өңірлік директорлармен берілетін сұхбаттарда салымшылар мен зейнетақы жарналарын төлеуші агенттердің көкейтесті сұрақтарына жауап беру арқылы мақсатты ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізуді жоспарлайды.

Қор салымшыларға және міндетті зейнетақы жарналарын төлеуші агенттерге қызметтер көрсету сапасын жақсарту үшін жаңа бағдарламалық өнімдерді әзірлеуді, енгізуді және оңтайландыруды, Қордың орталық аппаратын, өңірлік бөлімшелерін бағдарламалық-техникалық қамсыздандыруды жаңғыртуды көздейді.

2004-2006 жылдар аралығында жеке тұлға - агенттер арқылы міндетті зейнетақы жарналарын төлеуші агенттермен өзара әрекет ету жолымен ӨЖК тағайындалмаған жеке зейнетақы шоттарының қазіргі санын азайту жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңына 2002 жылғы 29 желтоқсанда енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың нәтижесінде Қор зейнетақы келісім-шартын жасаспай-ақ салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарын қабылдау мүмкіндігінен айрылды, сондықтан зейнетақы қызметтері рыногында бәсекелестіктің күшеюіне байланысты агенттік желіні дамыту жоспарланады.

Жеке тұлға - агенттердің қызметін пайдалану міндетті зейнетақы жарналарын төлеуші агенттерге және республиканың шалғай өңірлерін қоса алғанда барлық еңбекке жарамды халыққа жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен Қор туралы ақпараттар жеткізуге мүмкіндік беретіндігін атап өту қажет.

Өңірлік өкілдіктердегі, филиалдағы, сондай-ақ Қордың Агенті - "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" РМҚМ-ның (бұдан былай - Орталық) аудандық және қалалық бөлімшеліріндегі ағымдағы операциялық қызметтің сапасын жақсартумен қатар, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне жаңа салымшыларды, басқа жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшыларын тарту және Қордың қалыптасқан салымшыларын "ұстап қалу" жұмыстарын жүзеге асыру жоспарланады.

## 4.3. Өнім өндірісінің (заттай және ақшалай мәндегі жұмыстар мен қызметтер көрсету) даму серпіні

2004 жылы Қордың жалпы шығыс сомасы 739,04 млн. теңгеге жоспарланған, ол 2003 жылғы тиісінше көрсеткіштерден 5,6% артық (4-қосымша). Сметаның кассалық орындалуын ескере отырып, негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің өтелімін алып тастағанда, жалпы шығыстар бойынша шығыс сомасы іс жүзінде өзгермейді: 2003 жылы - 653 млн. теңге, ал 2004 жылы - 658 млн. теңге. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес шығыстардың өсуі Қор табысының болжамдық көлемін қамтамасыз ету үшін қажет.

2004 жылы қызметкерлерге ақы төлеу шығыстардың 2003 жылмен салыстырғанда 5,4% өсуі Қордың орталық аппаратындағы қызметкерлер санын көбейтпей, өңірлерде жұмыс істеу үшін қызметкерлер санын арттыруға байланысты. 2003 жылғы мамырда Қордың қызмет ету қаупіне баға берген Прагма/USAID арқылы Қорда қауіпті тиімді басқару жүйесін құру жоспарланған. Осындай кепілдемелерді енгізу зейнетақы заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға, сондай-ақ халықаралық зейнетақы қорларының және басқарушы компаниялар сияқты ірі қаржы институттары тәжірибесіне сәйкес Қорға салымшылармен/алушылармен жұмыс істеуде және олардың зейнетақы қаражаттарын инвестициялық басқаруда, зейнетақы қаражаттарының сақталуын қамтамасыз етуде, олардың сенімді есебін жүргізуге және олардың өсуіне байланысты тәуекелділіктерді азайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Қор өңірлік саясатты, зейнетақы активтерін есепке алу жөніндегі жұмыстарды, қате шоттарды азайту, инвестициялық қызметті кеңейту, тәуекелділікті азайту мақсатында оларды басқаруды күшейтуді жоспарлауда, маркетинг және зейнетақы қызметтерін дамыту бөлімін құру қарастырылуда. "МЖЗҚ" ЖАҚ салымшыларды тарту мен ұстап қалуда белсенді жарнамалық саясатты қолдануды жоспарламайды, алайда Қордың тұрақты салымшылар санының қалыптасуы үшін арнайы көрсетілетін зейнетақы қызметтерінің сапасын көтеру және оларға қол жеткізу мүмкіншілігін қамтамасыз етуде көптеген жұмыстар істейді.

Жұмыс көлемінің көбеюіне және салымшылармен жұмыс істеу сапасын көтеру қажеттілігіне байланысты Қордың қызметкерлер саны келесі өңірлерде 1 штаттық бірлікке көбейтілген: Астана қаласы, Алматы облысы, Ақмола облысы, Жезқазған, Семей қалаларында, сондай-ақ жеке бөлінген операциялық бөлім базасында (2003 жылы 12 адамға) салымшылармен жұмыс басқармасында 2004 жылы қайта тіркелуден кейін "МЖЗҚ" ЖАҚ-тың Алматы қаласында орналасатын жаңа филиалы ашылады, ол 1 штаттық бірлікке көбейтіліп, Алматы және Алматы облысы бойынша Қордың салымшыларына қызмет етеді. 2005-

2006 жылдары қызметкерлер санының өсуі жоспарланбайды.

Амортизациялық аударымдардың 34,7 млн. теңгеге немесе 74,6% көбеюі мынадай жағдайлар есебінен қарастырылды:

1) 2004 жылдың басында белгіленген активтердің баланстық құны едәуір өсті; есептегіш құрал-жабдықтарға амортизация мөлшері 25% және материалдық емес активтерге (бағдарламалық қамтамасыз ету, лицензия және бағдарламалық -техникалық кешенге сараптама) - 15%.

2) Амортизациялық аударымдар мөлшерінің материалдық емес активтер бойынша ұлғаюы 2003 жылы 10%-дан 2004 жылы 15 %-ға дейін және басқа негізгі активтер бойынша (Қордың жаңа бекітілген есеп саясатына сәйкес) - 6,7%-дан 10,0%-ды құрады.

3) 2004 жылға белгіленген активтерді жоспарлы сатып алу 62 млн. теңгеге жоспарланып отыр, оның негізгі көлемін (80%) материалдық емес активтер құрайды.

Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді жөндеу және оларды қамтамасыз ету шығысының көбеюі келесі шығыстардың есепке алынуымен қарастырылды:

- электр құралдары мен желілерін алдын-ала сынау;
- 2003 жылмен салыстырғанда электр құралдары мен желілерін жөндеуге кеткен шығыстардың өсуі;
- мүліктерді ағымдық жөндеу;
- қол жетімділік бақылау жүйесінің кепілдіктен кейін қамтамасыз етілуі;
- Астана қаласында резерв орталығын құру.

Коммуналдық шығыстардың 2003 жылмен салыстырғанда өсуі 1,4 млн. теңгені құрады. 2003 жылы Қор осы қызмет түрін өзінше төледі. Өсімнің көбеюіне ғимараттың балансын ұстаушы "Қозғалмас" ҚМКК-мен Қордың орталық аппарат ғимаратының коммуналдық қызметін төлеуге шарт жасасуымен байланысты болмақ. Бұдан басқа, Алматы қаласында филиалдың ашылуына сәйкес коммуналдық қызмет шығысының өсуі жоспарланып отыр.

2004 жылы салықтар шығысының 1,7 млн. теңгеге өсуі негізінен 2003 жылдың аяғында есептегіш техниканы жоспарлы түрде сатып алуға орай, мүлік салығының артуына байланысты қалыптасты.

Байланыс қызметінің шығысының өсуі мынадай жағдайларға сай қалыптасты:

- абоненттік төлем бойынша тарифтердің өсу мүмкіндігін ескере отырып, қалааралық, ұялы, қалалық және пейджингтік байланыс түрлерінің шығындары көбейді;

- фельдъегерлік байланыс қызметтеріне тарифтердің өсуімен корреспонденцияларды жеткізу қызметтерінің шығындары артты;

- Bloomberg және Reuters жүйелерінің сауда алаңдарына қол жеткізу үшін байланысқа бөлінген арналарды жалдау есебінен коммуникация шығындары көбейді. 2003 жылы тек Bloomberg байланыс жүйесінің арнасына қосылу қарастырылған болатын, ақы "Кеңес беру (аудит) және ақпараттық қызметтер" бабы бойынша қарастырылды;

- Интернет жүйесіне қол жеткізу үшін берілген байланыс арнасын пайдалану;

- өңірлік өкілдіктермен жұмыс істеу сапасын арттыру үшін байланыс арналарының өткізу мүмкіндігін арттыру.

2004 жылы күзетке бөлінген шығыстар Алматы қаласында филиалдың ашылуымен, сондай-ақ 2004 жылы Алматы қаласындағы операциялық залдың, Алматы қаласындағы мұрағаттың, Атырау мен Талдықорған өкілдіктерінің ғимараттарын күзету келісім-шарт жобасына сәйкес артты.

Консультациялық (аудит) және ақпараттық қызметтер шығысының өсуі келесі жағдайларда қарастырылған:

1) ақпараттық қызмет шығысы (буклеттер, жаднама, күнтізбе, құттықтау хат жобаларын шығару, екі пресс-конференция өткізу, ресми есеп материалдар жинағын шығару) өсті;
2) Reuters және Bloomberg мамандандырылған ақпаратты жүйелер шығысы өсті;

- 2004 жылға Reuters ақпараттық пакетіне бір жылға түгел қарастырылған, ал 2003 жылы - Қор бұл қызметтерді мамыр айынан бастап қана қолданды. Бұдан басқа, ҚР ҰБ Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы" 2003 жылғы 23 шілдедегі N 264 қаулысына сәйкес МЖЗҚ-ға зейнетақы активтерін шетелдік эмитенттердің акциясына инвестициялауға рұқсат берілген. Бағалы қағаздардың операцияларын тиімді өткізу үшін нақты уақыт режиміндегі алдыңғы қатарлы қор биржалары акцияларының баға белгісіне қол жеткізу қажет.

- 2004 жылы Bloomberg ақпаратты қызметіне жазылу 2004 жылдың басынан жоспарланды, ал 2003 жылы - 2003 жылдың соңғы 3 айында ғана болған. Жұмыстарында Bloomberg жүйесін пайдаланушы батыстық қарсы агенттермен сауданы жеңілдету үшін халықаралық телефондық келіссөздер шығысын азайту қажет. Bloomberg ақпараттық жүйесінің болуы халықаралық қаржы рыногында салымшылардың зейнетақы активтерін тиімді басқаруға мүмкіндік береді;

3) Ақпараттық қызмет көрсету шығысы көбейді. Күн сайынғы келіп түсетін экономикалық, саяси ахуалдар және зейнетақы қызметтері рыногындағы баспасөздегі күн сайынғы ақпараттық шолулардан басқа қосымша инвестициялық қызмет ережелеріне,

стратегиялық тапсырыстарға сәйкес апта сайын БА құралдарына шолу және ай сайын - макро орта, валюта рыногы, зейнетақы рыногының өнім және еңбек алаңына, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне талдаулар алып тұруға шығыстар арттыру жоспарда бар;

4) аудиторлық және консалтингілік қызметтер шығысы өсті. 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап "МЖЗҚ" ЖАҚ-тың қаржылық есептің халықаралық стандартына көшуіне байланысты, сондай-ақ ҚР ҰБ Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметте жүзеге асыратын ұйымдарға арналған қаржы тұрақтылығының өлшемдерін есептеудің және қолданудың және оларды сақтау жөнінде есеп берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2002 жылғы 2 ақпандағы N 54 қаулысының талаптарына сәйкес мүліктік бағалау бұрынырақ белгіленгендей бір рет қана емес, тоқсан сайын өткізілуі керек.

Банктік қызметтер шығысының өсуі негізінен төлем тапсырмаларын өткізу және бағалы қағаздарды сақтау бойынша шығындардың өсуімен байланысты банк-кастодиан қызметтері шығысының артуынан болып отыр. Төлем тапсырмаларын ІТЖ (ірі төлем жүйесі) және БТЖ (бөлшек төлем жүйесі) арқылы өткізу бойынша банк қызметінің құндық есебі 2003 жылғы қаңтардан қыркүйекке дейінгі қызмет көрсету төлемінің шығыны мен жіберілген төлем санының нақты мәліметтеріне талдау жасау арқылы шығарылған. ҚЕБАО ( Қазақстан есеп айырысу банк аралық орталығы (БТЖ)) бойынша төлемдерді өткізу қызметінің құнын есептеу орташа шығындар және 2003 жылдың 12 айы ішінде тарифтердің өзгеріссіздігі есебінен орындалған.

Сақтандыру шығыстарының өсуі қызметкерлерді алдын-ала вакцинациялау, сондай-ақ Қордың мүлкін өрттен, жер сілкінісінен және басқа да апаттан сақтандыру шығыстарының артуы есепті қалыптасты.

Жалгерлік бойынша шығыстың көбеюі жалға берушілермен жасалған шарт талабына сай ғимараттың ауданын және белгіленген тарифтерді негізге ала отырып қалыптасты.

**Әлеуметтік мәселелер**

2004-2006 жылдары Қор өз қызметін арттыру факторының бірі ретінде әлеуметтік мәселелерге ерекше көңіл аударуды жоспарлайды. Орталық аппаратпен қатар Қордың өңірлік өкілдіктерінде және филиалында кешенді және тұтас сипаттағы басқару жүйесін қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіби, жоғары білікті мамандар қалыптастыру кадр саясатының негізгі бағыттары болып табылады. Кадр жұмысын, оның кәсібилігін жақсарту мақсатында қызметкерлер

